

«8D03102 - Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
 Маткерим Дана Адильханқызының «Қазақстандық кинодағы этникалық және мәдени бірегейлікті құрастыру: мәдениеттанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	<i>1.1 Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі қолданбалы, пәнаралық зерттеулер. 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақшылығы бабына сәйкес келеді.</i> <i>6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</i>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<i>Диссертациялық зерттеу жаһандық әлеуметтік-мәдени дискурстағы өзекті мәселелердің бірі болып табылатын этникалық және мәдени бірегейлікті қатыпастыру мәселесіне арналған. Бұл үдерісте мәдениет пен өнер, оның ішінде кино да басты рөл атқарады. Ғылыми бірегейліктің мазмұны мәдени дәстүрлерді берумен және жаңа мәдени мағыналарды өндірумен байланысты.</i>

		Қазіргі күн тәртібі ұлттық құрылыс, ұлттық интеграция, қазақстандықтардың бірегейлігінің азаматтық және этникалық векторларының арақатынасы тақырыптарын өзекті етеді. Бұл тақырып өзінің мазмұнын бірнеше деңгейде ашады: мемлекеттік саясат; сарапшылық қосамдасстық; бұқаралық сана. Мемлекеттік деңгейде азаматтық ұлтты қалыптастыру міндеті тұжырымдалды, т.б. Ұлт құрудың бұл моделі қазіргі уақытта әлемнің әртүрлі аймақтарындағы елдердің көпшілігі үшін басымды болып отыр. дегенмен ол осы аймақтардың мәдени-тарихи ерекшеліктеріне, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптары мен құндылықтарына сәйкес әртүрлі нұсқаларда жүзеге асырылуда. Ал кинематографиядағы бірегейлік мәселесі, киноның бірегейлікті қалыптастырудың ролі маңызды мәселе екендігі белгілі. Өйткені тақырып теориялық, кинематографиядағы түлғалық концепцияның әдіснамалық және эстетикалық жүзеге асуы бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдардағы эмпирикалық және теориялық зерттеулер мен пікірталастар аясында ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси бағыттағы ең қызу талқыланатын мәселелердің жиынтығымен тікелей байланысты. Сондықтан диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер ғылымның дамуына елеулі үлес қосады.
3. Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс авторының өзі жазған, ғылыми деңгейі жоғары ғылыми жұмыс деп бағаланады. Ізденуші диссертацияда ғылыми нәтижелерді нақты тұжырымдап, ғылыми шығармаларға жақсы талдау жасап, мазмұны

		зерттеу жұмысын ұсынады. Жазу стилі ғылыми-логикалық дәлелді, дәйекті. Зерттеушінің ғылыми нәтижелері қомақты, ол қазіргі кино өнеріне байланысты өзекті мәселелерді қойып, оған ғылыми, мәдениеттанулық тұрғыдан жауап іздеп, талдау жасайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.
		Қазіргі ғылыми-технологиялық дамудың жоғары деңгейі кезеңінде бірегейлік мәселесіне назар аудару қоғамның барлық салаларын қамтыған өзгерістерге реакция болып табылады. «Бірегейлік» -әлеуметтік теория мен практиканың қазіргі салаларымен байланысын барынша айқын көрсете алатын, сондықтан қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда маңызды орын алатын ұғым. Философтар мен психологтар, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар өзгермелі әлемдегі бірегейлік феноменін түсінуге бет бұруда. Қазіргі өмірдің көптеген аспектілерін кешенді зерттеу бірегейліктегі өзгерістерді анықтау үшін өзекті. Тұлғаны тұтастай түсіну қажеттілігі жалпы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі әлеуметтік шындық белгісіздікпен, жалғыз дұрыс және қарапайым шешімдердің жоқтығымен сипатталады және мәселелердің шешімі емес, шешілмейтіндіктің сипаттамасы болып табылатын абстрактілі қорытындылардың философиялық негізін құрайды. Осының аясында бірегейлік мәселесін көтеру адамның және қоғамның бүгінгі күні қандай екенін түсіндіру әрекеті ғана емес, сонымен бірге балшаққа, дамудың ықтимал перспективаларына алаңдаушылықты білдіреді. Тұлғаның рухани дағдарысының негізін анықтауға байланысты

		бірегейлену феноменін зерттеудің маңыздылығы арта түседі, оның мәнін ұжымдық және әсеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекетін есепке алмай түсіну мүмкін емес. Кино өнері де осы қатарда маңызды сала болып табылады, өйткені ол бұқаралық санаға маңызды ықпалдық жасайды. Сондықтан да диссертациялық зерттеудің өзектілігі негізді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.
	1) айқындайды;	Дүниетанымдық қозғалыстар жүйесінде және қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында бірегейлік феноменін түсіну және оның мазмұнын анықтау, қазақ киносындағы этникалық және мәдени бірегейліктің көрініс беруі айтарлықтай әртүрлілікпен және қайшылықпен сипатталады. Әлемдік философиялық әлеуметтанулық, психологиялық және мәдениеттанулық әдебиеттердегі бар әдістемелік және концептуалды тәсілдерді зерделеу және салыстыру негізінде зерттеуші бірегейлікті әртүрлі факторлардың кешенділігін ескере отырып ашуға бағатындығын көрсетеді.
	2) ішінара айқындайды;	Бұл диссертацияда зерттеуші бірегейлікті болмыс пен дамудың белгілі логикасы бар құбылыс ретінде қарастырады. Сонымен, философиялық ой-пікірде ғасырлар бойы болмыстың іргелі қасиеті ретінде бірегейлік дүниенің тұтас бірлігін түсінудің алғышарты болғаны көрсетілген. Дегенмен, ХХ ғасырда бірегейлік мәселесі концептуалды түрде қарастырылғанын басшылыққа алады. Жеке тұлғалардың, топтардың, мәдениеттің және
	3) айқындамайды.	

		тұтастай қоғамның проблемасы ретінде түсіндірілген бірегейлік күрделі көп өлшемді формация ретінде әлеуметтік және гуманитарлық зерттеулердің іргелі негізін құрайтындығы дәйектелген. Кино индустриясындағы, оның ішінде қазақ киносындағы бірегейлік мәселесінің қойылуын талдау және құрылымдық компоненттерді қарастыру зерттеудің маңызды нүктесі болып табылады, өйткені қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестердің әсерінен құрылымдық элементтердің трансформациясының бағыттарын анықтау өте маңызды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты қазақ киносының ұлттық мәдени бірегейлікті қатыптастырудағы негізгі рөлін мәдениеттанулық тұрғыдан зерттеумен байланысты. Осы мақсатқа сай қойылған міндеттер диссертация тақырыбына сай және мазмұнын ашуға мүмкіндік береді. Зерттеуші мәдени бірегейлік, этникалық, ұлттық бірегейлік ұғымдарын талдай отырып, өнер салаларының бірегейлікті қатыптастырудағы рөлін кино индустриясы арқылы көрсетеді. Диссертацияда қазақ киносымен қатар қырғыздық, түркілік, корейлік және Голливудтық фильмдердегі ұлттық бірегейлік мәселесінің орнектелуі салыстырмалы талдау негізінде жасалады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың бөлімдері, бөлімшелері өзара логикалық байланыста, ішкі біртүзгі жоғары деңгейде. Барлық бөлімдер өзара тығыз байланыста, жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыптың ғылыми сипатталуына мүмкіндік

		береді. Мәтінде келтірілген талдау жұмыстары қойылған мақсатқа толығымен сәйкес келеді. Зерттеу авторы көркем фильмдер феноменіне қатысты бірегейлік теориясын жүзеге асырудың теориялық және әдістемелік негіздеріне жан-жақты, көп деңгейлі және пәнаралық талдау жүргізеді. Кино өнері түрінің мазмұндық параметрлері мен қызмет ету режимдерін, қазақ киносымен қатар әлемдік кинематографияға шолу жасап, оның даму бағытын бірегейлік арқылы көрсетеді.	Диссертациялық зерттеу жалпыға танымал зерттеушілердің еңбектерін қамтиды, сонымен қатар өте кең эмпирикалық материал пайдаланылған. Жұмыста диссертация тақырыбына қатысты мәселелер сыни көзқарас негізінде талданады. Отандық және шетелдік фильмдерге ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тұрғысынан сыни тұрғыдан талдау жасалады. Зерттеудің материалдары полемикалық түрде қарастырылады, ол диссертация авторына осы жұмыстың гипотетикалық негіздерінің дәлелді іске асуына сенімді және логикалық дәлелденген қорытындылар жасауға мүлкіндік береді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.		
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелері ішінара жаңа деуге болады. Мәдениеттанулық әдіснамалық ұстанымдар негізінде жаңадану жағдайында этникалық бірегейлікті бейнелеу мен қалыптастырудағы өнердің ролін анықтау арқылы ғылыми нәтижелер тұжырымдалады. Бұл нәтиже әлемдік және отандық бұрынғы зерттеулерде кездеседі. Әлеуметтік-сәттанаттарлық білімнің әртүрлі салаларында қалыптасқан этникалық сәйкестікті

		зерттеудің заманауи парадигмаларының эвристикалық әлеуеті анықталған. Шындықтың көркемдік көрінісінің бір түрі ретінде кино өнерінің философиялық-антропологиялық, мәдениеттанулық аспектілері айқындалған. Киноның көркем мәдениеттің түрі ретіндегі ұлттық ерекшелігін қалыптастырудағы этникалық бірегейліктің ролі анықталған. Постмодерндік дәуірдегі киноның этномәдени детерминациясының ерекшеліктері талданған. Қазіргі қазақстандық мәдениеттегі этникалық бірегейліктің көріну ерекшеліктері анықталған. Мәдениеттің жаһандануы аясында этникалық бірегейлік пен көркем шығармашылықтың өзара байланысы зерттелген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ішінара жаңа. Этникалық мәдени бірегейлікті зерттеудің заманауи парадигмаларын талдау негізінде оның халықтың мұрасы мен тарихымен тығыз байланыстылығы негізделеді. XX ғасырдың басынан осы кезеңге дейін жүргізілген зерттеулердің барлығы осы қорытындыны негіздейді. Шындықтың көркемдік көрінісі ретінде кино өнерінің мәдениеттанулық-антропологиялық аспектілері нақтыланды және өнер адамның қажеттілігі болып табылады және адамның дүниетанымының тұтастығын көрсетеді деген тезис нақтыланған. Көркем мәдениеттің ұлттық ерекшелігін қалыптастырудағы этникалық бірегейліктің ролі анықталды және этностың көркемдік мәдениетінде субъектінің белгілі бір этникалық

		топқа құндылық қатынасын жүзеге асыру оның ерекшелігін қалыптастыратыны атап өтілген. Постмодерндік дәуірдегі өнердің; оның ішінде кино өнерінің этномәдени детерминациясының ерекшеліктері нақтыланды және постмодерндік өнер дәстүрі этникалық өнерді жаңғыртудағы сабақтастық сыни тұрғыдан көрсетілген. Қазіргі мәдениеттегі этникалық бірегейлікті көрсетудің ерекшелігі нақтыланды және кинодағы этникалық бірегейліктің көрінісіне әсері көрсетілген. Мәдениеттің жаһандануы контекстіндегі этникалық бірегейлік пен көркем шығармашылықтың өзара байланысын зерттеу нәтижесінде жаһандану процестерінің этникалық өнерге біртұтас әсері адамның жеке басының құрылымындағы этникалық құндылықтарды теңестіретіні дәлелденген.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе экономикалық немесе басқару шешімдері турғысынан мәдениеттанулық, жалпы гуманитарлық ғылымдар бойынша жасалған жұмыстарды бағалау өте күрделі мәселе. Жатты диссертация мәнінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар деуге болады, алынған нәтижелердің барлығы жеткілікті дәрежеде негізделген. Жұмыстың барлық ғылыми нәтижелері жоғары дәрежеде, сондықтар оларды «ішінара жаңа» деп бағалауға негіз бар.	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері турғысынан мәдениеттанулық, жалпы гуманитарлық ғылымдар бойынша жасалған жұмыстарды бағалау өте күрделі мәселе. Жатты диссертация мәнінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар деуге болады, алынған нәтижелердің барлығы жеткілікті дәрежеде негізделген. Жұмыстың барлық ғылыми нәтижелері жоғары дәрежеде, сондықтар оларды «ішінара жаңа» деп бағалауға негіз бар.
	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары мен нәтижелері ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Этникалық бірегейлік құбылысының мәдениеттанулық экспликациясы құндылықтар
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және

гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	жүйесіне - этникалық бірегейліктің құрылымдық негізін құрайтын және адамның ішкі ерекшеліктері мен дәстүрлі этникалық мәдениеттің ерекшеліктерінің арақатынасы нәтижесінде пайда болатын аксио-саттаға, адамның сыртқы әлеммен тұрақты байланыстарының жиынтығына делдал болатын және оның тұтастығын қамтамасыз ететін адами қатынастардың негізгі салаларындағы мінез-құлық нормалары мен ережелерін бекітетін зерттеу екінін күшейтуді көздейді. Өнер адам өмірінің маңызды сипаты бола отырып, оны қалыптастырады және рухтандырады, өнер арқылы адам адамды әлемге әкеледі, бұл оған біртұтас рухани өзін-өзі растауға мүмкіндік береді. Әрбір өнер туындысы - бұл әлемнің ерекше моделі, бірақ жай әлем емес, оның адами тұсінігі. Өнер арқылы адам өзінің болмысының тұтастығымен, әлеммен органикалық байланыста және жатпының жеке, әлеуметтік, жеке, жалпыадамзаттық тұлғада бейнеленуінде танылады және көрінеді. Этникалық бірегейлік бүкіл этноәлеуметтік организмнің рухани мәдениетінің құндылық жоросының ролін атқарады және оның ерекшелігін анықтайды. Нәтижесінде, көркем мәдениет - бұл құндылық пен бағалаудың өзара байланысы ең біртұтас түрде көрінетін аксиологиялық құбылыс. Этностың көркемдік мәдениетінде адамның санасында белгілі бір мағынаға ие өзекті және
---	---

		мағыналы идеялар мен құндылықтарды жүзеге асыру оның өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін қалыптастырады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	7.1 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері дәлелді және ғылыми тұрғыда дәлелденген. Зерттеуші жалпы ғылыми әдіснаманы, мәдениеттанулық әдіснаманы дұрыс қолданған. Әрбір қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасауға болады. 7.2 Жұмыс қағидастары тривиалды, яғни үстірт түрде емес, яғни, "жоқ" деп жауап береміз. Ізденушінің әрбір ғылыми нәтижесі қомарты, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізілген. 7.3 Негізгі ғылыми нәтижелерге «жасаң» деген баға берілді. Диссертациялық жұмыста 6 жаңа нәтиже ұсынылады. Бірінші қағидат мәдени, этникалық және ұлттық бірегейлікті зерттеудің теориялық және методологиялық қырларын зерттеудің нәтижесінде қазіргі мәдениеттегі этникалық бірегейлікті көрсетудің ерекшелігі негізінен этникалық мәдениет пен қазіргі өркениет құндылықтарының арақатынасының сипатымен анықталады. Екінші қағидат қазіргі мәдениеттің дәстүрлі және инновациялық компоненттерінің алысқындығын көрсетеді. Бұл жағдай этникалық және замануи ақпараттық құндылықтардың синтезін талап етеді, бұл адамның уақыт пен кеңістіктегі тұтастығының, өзіндік ерекшелігінің маңызды шарты.
		Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;

	2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. Үшінші қағидат бойынша этникалық өнер, өз кезегінде, әлемді сенсорлық-ұтымды түсінуді шығармашылық түрде бейнелейтін болмыстың бірегейлігінің үлгісі ретінде сақтау мен дамыуды қажет етеді. Төртінші қағидат бойынша этникалық бірегейлікті терең түсінуді мен экспрессивті бейнелеудің барабар саласы ретінде өнер туралы бар идеяларды нақтылау және тереңдету маңызды. Бесінші қағидат кино өнеріндегі маңызды өзгерістердің бірі - суретшінің сапасын прагматизациялау және коммерцияландыру, автордың көркемдік мінез-құлқының стратегиясының осуіне әкелетін қоғамның мүдделері мен үміттерін қанағаттандыруға деген ұмтылыс екенін көрсетумен байланысты. Алтыншы қағидат қазақ, қырғыз, түркілік, оңтүстіккореялық заманауи кинолар және голливудтық фильмдердің ерекшеліктері негізінде ұлттық бірегейлікті қатыптастыруға ықпалы немесе кедергі келтіруі мәселесін кросс-мәдени зерттеу арқылы негізделеді. 7.4 Ғылыми нәтижелердің қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдануына «кең» деген баға берілді. Өйткені диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін мәдениеттануда ғана емес, өнертануда, жасалы мәдениет саласында пайдалануға болады. Сонымен қатар, білім беруге байланысты мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.
--	--

			7.5 Диссертацияның негізгі қағидашары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талатқа сай сынақтан өткен. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. «Скопус» тізіміндегі процентілі жоғары журналда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаттарға сай жұмыстар талаттарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Мәдениеттанулық әдістер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылған. Мәдени-философиялық тәсіл кино өнерінің ұлттық ерекшелігін қалыптастырудағы этникалық бірегейліктің ролін татдау және өнердің этномәдени детерминациясының ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды. Зерттеу тақырыбын ашу үшін кросс-мәдени әдістер де қолданылды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талатқа «Иә» деген баға берілді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация заманауи ғылыми әдістер мен деректерді мәдениеттанулық зерттеулер барысында жақсы қолданған. Автор компьютерлік технологияларды қолданған. Зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірген, қорытындылау жақсы жүзеге асырылған. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Яғни ғылыми зерттеуде заманауи әдістер қолдану бойынша сұраққа «иә» деп жауап беруге болады.

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	1) ия; 2) жоқ.	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертация жұмысының ғылыми тұжырымдамалары этникалық өнер (кино) және этникалық бірегейлік - бұл ішкі және сыртқы, объективті және субъективті әсерлерді көрсететін өзара байланысты құбылыс екендігін негіздейді. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындатуға тырысады. Мысалы, қазақ киносының қазіргі қоғамдағы ролі мәдени кеңістікте танымал шетелдік фильмдердің таралуымен, қабылдануымен салыстырыла зерттелген. Бұл сұраққа «иә» деген баға берілді. Зерттеу жұмысында этникалық, ұлттық, мәдени бірегейлікке байланысты әдебиеттер пайдаланылған. Зерттеуші көп әдебиеттердің ішінен ең маңызды деген шығармаларды, авторларды іріктеп алып, оларға сыни талдау жасай білген. Ол әдебиеттерге сілтемелер дұрыс жасалған. Алынған мәліметтер нақты, қолданылған әдебиеттер сенімді, мысалы сілтеме жасалған мақалалардың ішінде отандық және сенімді базаларға кіретін жарияланымдарда жарық көрген мақалалар бар. Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті. Этникалық, ұлттық, мәдени бірегейлік ұғымдарына қатысты әдебиеттер жақсы таңдалған. Жинақталған әдебиеттер диссертация тақырыбын ашуға жеткілікті. Диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық жауап беретін мәдениеттанулық, философиялық еңбектер қамтылған, автор отандық және шетелдік журналдарда жарық көрген өзінің мақалаларына сілтеме жасаған.
9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:			

Практикалық қағидаты	күнделік	1) бар;	1) Ия. Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Диссертация авторы тақырыпқа сай келетін еңбектерге, көзқарастарға, тәжірибеге теориялық деңгейде жақсы талдау жасаған.
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1) Ия. Зерттеу нәтижелерін философтар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар, мәдениет және білім беру мекемелерінің қызметкерлері өздерінің кәсіби қызметінде: ғылыми және педагогикалық мақсаттарда және аудиторияның әлеуметтік-мәдени, оның ішінде дүниетанымдық және толерантты көзқарасын кеңейту және қатыпастыру үшін тұжырымдамалық және ақпараттық материал ретінде қолдана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.
10. Жазу және ресімдеу сапасы		1) толығымен жаңа;	Зерттеу тұжырымдамасын, оның материалдары мен тұжырымдарын жоғарғы оқу орындарына арналған оқу бағдарламаларын, "Этнология", "Этникалық психология", "Мәдениеттану" курстарының жекелеген бөлімдерін әзірлеуде, сондай-ақ мемлекеттік-басқару институттарының мәдени стратегиясын әзірлеу немесе нақтылау үшін пайдалануға болады.
		Академиялық жазу сапасы:	Диссертация мәтінінің академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде».
		1) жоғары;	
		2) орташа;	Диссертация ғылыми, философиялық тілмен жазылған. Мәтін анық, түсінікті. Диссертацияда теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-философиялық мәдениеттанулық талдаулар жақсы қолданылған.
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		1) Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімі сипаттау тұрғысынан жазылған. 2) Қазақ және шетелдік кітаптар белгілі бір белгілеріне байланысты жіктелмеген.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

ҚР ҒБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор



Саттықызы Аяжан

(қолы)

